

Мейрманов А.Б., Бейсова А.Е.

Қазақтың ұлттық ойындарының ерекшеліктері

Мақалада қазақи діл негізге алынған ұлттық ойындардың терең сипаттауы қарастырылған. Басты назар ұлттық ойындардың қазақ халқының қалыпты этникалық өмірімен өрбитіндігіне аударылады. Сонымен қатар ұлттық ойындар мен ұлттық салт-дәстүр деген екі үлкен түсінік бір-бірімен тығыз байланыстырылған. Еліміздегі аға буын өкілдеріне жақсы таныс әрбір ойынға жеке түсініктеме берілген. Балалардың ұлттық ойынына да назар көптеп аударылады, себебі олар өзінің құндылығы мен атағын біздің гүлденген елімізде де жоғалтпаған. Балада жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді.

Түйін сөздер: ұлттық ойындар, діл.

Meyermanov A., Beysova A.
Features national kazakh games

In the article the description of the national games, which are based on ethnic Kazakh mentality. The main emphasis is on the content of the national games and their connection with the usual ethnic life of the Kazakh people. It also describes in detail the connection between the two concepts: national games and national customs. A detailed explanation is given of each game, which is popular among the adult population. Described, and children's national game, they have not lost their value and popularity in the present time. States that the purpose of education in the modern world must conform to ideas of preservation of our cultural and spiritual heritage, ethnoethics of the nation. According to this justifies the significance of the study of psychology as applied to the individual, the family, the traditions of the past and present that should be passed down from generation to generation.

The culture of the people associated with the priceless heritage of national literature. According to the authors, people must not only be strong physically to handle the burden of the nomadic way of life they have to be strong mentally. Nomads were hunters, men who were soldiers, and shepherds, were the pillar of the family. In this aspect, the national games have raised not only the mood in the difficult conditions of life, but also supported the unity of the spirit and body. National games have educational, military, sports, ethno-traditional, communicative and artistic-aesthetic character. They performed the tasks of physical training, the development of mental abilities of young people.

Key words: national games, ethnoethics, mentality, ethnic psychology.

Мейрманов А.Б., Бейсова А.Е.

Особенности национальных казахских игр

В статье рассмотрены национальные игры, в основе которых лежит казахская этническая ментальность. Главный акцент сделан на содержании национальных игр и их связи с обычной этнической жизнью казахского народа. Также подробно описана связь между двумя понятиями: национальные игры и национальные обычаи. Детальное объяснение дано каждой игре, которая популярна среди взрослого населения. Описаны и детские национальные игры, именно они не потеряли свою ценность и популярность в нынешнее время. Утверждается, что цель образования в современном мире должна соответствовать идеям сохранения нашего культурного и духовного наследия, этноэтики нации. Культура народа связана с бесценным наследием национальной литературы. По утверждению авторов, люди не должны быть сильными только физически, чтобы справиться с бременем кочевого образа жизни, они должны быть сильны психологически. Кочевники занимались охотой, мужчины, были и солдатами, и пастухами, были опорой семьи. В данном аспекте национальные игры поднимали не только настроение в тяжелых условиях жизнедеятельности, но и поддерживали единство духа и тела. Национальные игры имели воспитательный, военно-спортивный, этно-традиционный, коммуникативный и художественно-эстетический характер. Они выполняли задачи физической подготовки, развития умственных способностей молодых людей.

Ключевые слова: национальные игры, этноэтика, ментальность, этнопсихология.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кіріспе

Өзектілігі. Әрбір халықтың ұлттық ділі оның өмірге деген құштарлығы, қоғамдағы орны, интеллектуалды тарихымен байланыстырылған психологиялық, геосаясилық, климаттық, этнографиялық, этникалық және тұрмыстық жағдайлары секілді сипаттаулармен тығыз байланыста. Қазақ халқының сыртқы әлемді қабылдауында өзіндік ерекшеліктер бар екендігі барлығымызға мәлім [6, 127-128 б.].

Осылайша, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және географиялық жағдайының бірегейлігі (өмір көшпелі жолы, шексіз дала, құрлықтық климат, мал фермаларының таралуы және т.б.), бірақ қабылдау табиғатта көшпенділерді нақты көлеңкеде дамытуға, қазақтардың өзіндік психологиялық әрін қалыптастыру бойынша белгілі бір ықпалы болуы мүмкін емес еді және т.б. әлемдік, ойлау тәсілі және оқыту мен білім беру өскелең ұрпаққа жинақталған бай тәжірибесі, даласы, тұрғындарының ұзақ тарихында бірегей салт-дәстүрі, ережелері, нормалары мен мінез-құлық қағидаларын адамның алдына қоюға тиісті принциптерін әзірледі. Көшпелілердің ауыр, соқпалы өмірлері қатаң қағидалар қойды.

Адамдар физикалық қана күшті болуы тиіс емес еді, олар сондай-ақ көшпелі өмір салтының ауыртпалығына төтеп беруге тиісті психологиялық беріктікке де мұқтаж болды. Көшпенділер аңшылықпен де, мал жайылымымен де шұғылданды. Ер кісілер жауынгер де, қойшы да, отбасы ұйытқысы да бола білді.

Осыдан барып қазақ халқының «Жігітке жеті өнер де аз» деген даналық сөзі шыққан дейді.

Ежелгі дәстүрге сай, қазақтар қонақты аса құрметтеген, жолдан келе жатса мән-жайын сұрап жатпай-ақ, киіз үйіне кіргізіп, асын ұсынған. Дәм татқаннан кейін ғана, оның кім және қайдан келе жатқанына қызығушылық танытқан. Сөз бастап, сапардан келе жатқан жолаушымен келіссөз жүргізу үй иесінің ғана құзырында болған, онда да жолаушы демалып, тынығып болғаннан кейін. «Жолаушыға ас қоймай, әңгіменің басын бұлдама» немесе «Қонақ келсе ет ұсын, болмаса үй иесі ұятты болады» деген қазақ мақалдарынан қонақжайлылықты

аңғаруға болады. «Дастарханның беделі жомарттықпен өлшенеді» деген де жақсы сөз бар. Қанағатшылдық пен кішіпейілділік қазақ халқының қонақжайлық сияқты құнды қасиеттерінің бірі немесе «қонақ келсе өз ырыс-несібесін ала келеді» деген де даналық сөз бар [5, 208 б.].

Өздеріңіз білетіндей, түрлі халықтардың өкілдері тыс әлемді қабылдаудың кейбір сипаттамаларын және бірегей мүмкіндіктерді қабылдай білуі мүмкін. Осылайша, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және географиялық жағдай бірегейлігі (өмір көшпелі жолы, шексіз дала, құрлықтық климат, мал шаруа қожалықтарының, т.б. таралуы) көшпенділердің табиғатта белгілі бір рең дамытуға, қазақтардың өзіндік психологиялық әрін қалыптастыруы бойынша белгілі бір әсер етуі сәтсіз емес еді және т.б. ойлау жолында әлемнің қабылдауы өте күрделі болды. Этникалық сана ерекшеліктерін бөлектеу үшін менталитет ұғымы пайдаланылады – (менталитет) бейне адамның ойлау салты, әлеуметтік топтардың санасы, сондай-ақ оларға тән рухани және оның әлеуметтік және биологиялық ой-болжамдары, менталитеті, дүниетанымы. Түрлі этностардың психикалық ерекшеліктері, олардың генетикалық сипаттамаларымен анықталады. Қазақ халқының әрбір азаматына тән қасиеттері: ұйымшылдығы, ұлтжандылығы, қонақжайлылығы мен кішіпейілділігі.

«Қазақ халқының генетикалық ерекшеліктері, – дейді Н.Ә. Назарбаев – мұқтаждарға беру, ол бар деп әрбір затты бөлісуге дайын, жылы шырайлы, жанының ашықтығы мен мейірімділігі болып табылады [1, 31 б.].

Қазақ халқы мейірімділіктерінің арқасында ешкімге және ешқашан сыни дұшпандылық танытпаған, ешкімнің және ешқашан ала жібін аттамаған. Әрбір ұлттың өкілдері немесе азаматтары, қандай ұлт болса да, мынадай кішіпейілділік, ақкөңілділік және қонақжайлық сынды қасиеттердің бір тұлғадай иесі болған.

Бұл ең жақсы деген қасиеттер – адам өмірінің оң сипаттары болып табылады. Барлық уақытта ұлттық ойындар қазақ халқы үшін үлкен әлеуметтік маңызға ие болды. Олардың шығу тегі көне заманнан ұлттық ойындармен байланысты және олардың дамуына, олардың дәйекті нысандарының сериясына қоғамдық қатынастар және адамдардың экономикалық іс-әрекетінің сай келуімен ауыстырылды.

Ойындар мен сауық құрулар әрқашан мынандай қызметтер атқарды: тәлім-тәрбиелік, спорттық, білімділік, ұйымшылдық, ауызбір-

шілік, жанжақтылық және т.б. Қазақ халқының өмірінде ұлттық ойындар үлкен рөл атқарады.

Ұлттық ойындар көңіл күйді көтереді, адамдардың ой-жүйесін дамытады және дененің қалыптылығын сақтайды.

Қазақтың ұлттық ойындарының терең тәрбиелік, әскери-спорттық, салт-дәстүрлік, өзара қарым-қатынастық және көркем-эстетикалық сипаты бар. Ұлттық ойындар дене шынықтыру, жастардың ақыл-ой қабілетін арттыру сияқты міндеттер атқарған. Ұлттық ойындар түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширықтырып, шынықтырады. Этнограф ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады. Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізделген. Ахмет Жүнісовтың айтуынша «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан-балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен» [2. 48 б.]. Ал енді, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған» [3].

Қазақ халқының ең сүйікті және кең тараған ойындарының бірі – асық ойыны. Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи зат-

тармен ойнауға негізделген. Шаруашылығы мал шаруашылығына негізделгендіктен қазақ халқының ұлттық ойындары да осыған икемделген. Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен балалар ойынының көбі қой асығымен байланысты болып келеді. Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ептілікке, ұстамдылыққа тәрбиелейді.

Көкпар – қазақтың ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Дәстүрлі қазақ қоғамында көкпарға жасқа толған серкенің семізі таңдалған. Семіз серке терісі жыртылмайды.

Бұл жарыста салт аттыларға оңай тимейді. Өйткені салмағы 30–40 кг немесе 50–60 кг болатын бассыз серкені (ешкі) спортшылар жерден көтерулері немесе қарсылас команда ойыншысынан тартып алып «мәре салым» қарсыласының қазандығына салулары керек. Қарсылас команданың ойыншысынан серкені тартып алуға, басқа ойыншыға беруге рұқсат етіледі. Серкені қанжығаға байлап алуға, қарсылас командалардың аттарын аяғынан ұшырып түсіруге, оларды шықпыртуға, үркітуге, атты екі аяққа көтеруге тыйым салынады. Көкпар ойыны арнайы көкпар үшін жабдықталған ұзындығы 200 метр, ені 80 метр, қазандық арасы 120 метр, орталықтан бастап «мәре салым» қазандыққа дейін 60 метр аланда бекітілген ережеге сәйкес өткізіледі. Ойын арнайы бекітілген көкпар ойынының ережесіне сай әрқайсысы 20 минуттық 2 кезеңде өткізіледі. Әр кезең аралығында 10 минуттық үзіліс болады. Ойында қарсыласының қазандығына ең көп салым салған команда жеңімпаз болып танылады. Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Сонымен қатар көкпар – аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын спорт [7, 206 б.].

Теңге ілу – ержігіт сайысына ұқсас қазақтың ұлттық ат спортына жататын ертеден келе жатқан ойындарының бірі. Теңге ілу ойыны тегіс жерде өткізіледі.

Желіп келе жатқан аттың үстіне отырып желісін баяулатпастан төменге тез иіліп сол және оң жағынан орамалмен оралған теңгені көтеріп, артына тастап отыруы керек. Әрбір сәтсіз талпыныстың артына айыптық уақыт белгіленеді. Теңгені көп ілген салт атты жеңімпаз аталады. Теңге ілу алаңының ұзындығы 120 метр. Теңгені іліп алуға дейінгі ұзындық 30 метр. Теңге саны 5-еу. Теңгелердің арақашықтығы 10 метрден. Теңге

ілушілер теңгені орнынан іліп лақтырып тастауы керек. Жарысқа бекітілген ережеге сай спортшының уақыты, ілген теңгесінің санына бөліп қортындысы шығарылады. Келесі қазақтың ұлттық ойыны «түйілген орамал». Ойынға жасөспірімдер қатынасады. Ойын жүргізу үшін ақ орамал керек. Орамалды ортасынан түйеді.

Ойынға қатынасушылар алаңға жиналады да шеңбер жасап айнала тұрады. Ойынды басқарушы тағайындалады. Басқарушы ортаға шығады да, қолындағы орамалды кез келген бір ойыншыға тастайды, сонан соң оны өзі қуады. Орамалды алған ойыншы дереу оны басқарушының қолына тигізбей басқа ойыншыға беріп үлгеруі керек. Сөйтіп, ойыншылар орамалды біріне-бірі өткізе береді. Орамалдан айырылып, қалған ойыншы басқарушының орнына шығады. Немесе орамалды ұстап алған басқарушы өз орнына басқа біреуді тағайындап, өзі ойыншылардың қатарына қосылады. Ойын соңында орамалды ұстатпаған, тез, тапқыр ойыншы атап өтіледі.

Қолына орамал тиген ойыншы оны тек басқа ойыншыға жоғарыдан ғана лақтырып бере алады. Шеңберден шығуға болмайды. Ойын жылдамдықты, амал-айланы қажет етеді.

«Қара сиыр» – ұлттық ойын. Ойын көбінесе далада, көгалды жерде, кең аулада ойналады. Ойынға кіші, орта буын мектеп оқушылары қатынасады. Ойынға 3 не 10, одан да көп ойыншы қатынасады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба т.б.). Ойынға қатынасушылар шеңбер құрып, көздерін жұмып тұрысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шеңберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады. Ойынға қатынасушылардың міндеті – сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға қатынасушылардың барлығына естірте дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды да, басқалары оны алдап-сулап, көңілін басқа жаққа бұрып әлгі затты тартып алуға тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрысып көздерін жұмады. Ойын осы тәртіппен жүре береді. Ойын таза ауада дем алуға, ойлауға, тапқырлыққа баулиды.

Зерттеу барысында

Балада жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгерші-

лік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Бірақ оны жүргізуге арналған нақты әдістемелік құралдар жоқтың қасы. Зерттеу жұмысында орыс тілінде жазылған әдебиеттер қолданылды. Соның нәтижесінде қазіргі таңда тақырыптың өзектілігі туындап отыр [8, 144].

Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Ең алдымен, халық педагогикасы өскелең ұрпақтың еңбек пен өмір сүру бейнесінің негізі болып, оларды келешектегі қызметіне дайындайды. Біздің халықтық педагогикада еңбек тәрбиесі өте ертеден бастау алады. Ертеден келе жатқан еңбек тәрбиесінің әдіс-тәсілдер құралы, сөз жоқ еңбек болып табылады. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өмірлік тәжірибе береді және халықтың даму барысында шешуші роль атқарады. Еңбек ету кезінде адамның дене, ақыл-ой, эстетикалық дамуы мен еңбек тәрбиесі қатар жүреді. Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады.

Спортшының өзі мен оның атына жоғары талап қойылатын ойлы-қырлы, жасанды, бөгесінді жерлерде де өткізіледі. Бір жағынан,

бұлайша жарысты бұрын белгісіз, ойлы-қырлы жерлерде өткізу қазіргі заманғы ат спортының классикалық түріне жуықтайды. Бұл Қазақстанның халықтары арасында спорттың классикалық түрлерін кеңінен таратуға өзінің пайдасын тигізетіні сөзсіз. Әсіресе аламан бәйгенің спортшының тактикалық шеберлігін жетілдіруде маңызы орасан зор. Жарыста мықты да жылдам спортшылардың бәрі бірдей жеңе бермейді, мұнда кімде-кім жарысты жаттығу жағынан дұрыс құрып, жағдайды дұрыс бағалап, жарыстың барысында атының күшін тиімді пайдаланса сол ғана жеңіске ие болады. Аламан бәйге ертеректе өте алыс қашықтыққа өткізілетін болған. Қазіргі уақытта аламан бәйге жарыс ережесі бойынша 25 шақырымдық қашықтықта өткізіледі. Жарысқа 7 мен 14 жас аралығындағы шабандоз балалар қатысады, дегенмен майталман жокейлердің қатысуларына да болады. Әдетте мұнда бәйгелер үшін жеңіл салмақты, тырмысқақ және амалшыл балалар таңдалып алынады. Бәйге мен аламан бәйге табандылыққа, батылдыққа, тапқырлыққа үйрететін ұлттық спорттың бағалы түрі болып табылады. Қазақстанда бұл сияқты тамаша спортты кеңінен таратуға барлық жағынан мүмкіншілік мол, республикамызда мініскер аттарды өсіретін арнаулы жылқы заводтары жұмыс атқарады [8, 175].

Қазақстанның ең алғашқы болып Оңтүстік-тік Алтайдың баурайынан тараған бұл ойын түрінің ғұмыры өте ұзақ. Қазақша күрес қазіргі таңға дейін қалпын сақтап келе жатыр. Қазақ күресінің даму тарихы қазақ халқының тамыры тереңнен тартылатын тарихымен тұтасып жатыр. Түрлі бас қосулар мен мереке тойлар спорттың осы түрінің сайысынсыз өткен емес. Күші басым түсіп, жеңіске жеткен палуандар халықтың төбесіне тұтар құрметті адамына айналған. Қазақтың ұлы батыры Қажымұқан есімі қазақ халқының тарихына ғана еніп қойған жоқ, сонымен бірге спортшылардың әлемдік элитасының қатарына кірді.

Қорытынды

Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары. Ата-бабамыз ойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез-құлқын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін тәрбие құралы деп санаған.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болар ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады [б. 192 б.]. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойнау процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады. Ойын баласының жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз бола алады.

Ұлттық ойындардың ерекшелігі:

Бірінші ерекшелігі – ұлттық ойындар ұзақ сұрыпталып, біздің заманымызға дейін жеткен халық мұрасы ретінде, әрбір адамның қажетіне жарарлық қалыпқа түсіп, тек дене шынықтырып, адамды дене жағынан ғана жетілдіріп қоймайды, оның адам тәрбиесіне етер әсері, тигізер пайдасы мол. Ұлттық ойынның қасиеттерін дұрыс, ретті пайдалана білу, ұлтқа тән қасиеттерді мектептің жас буын шәкірттерінің бойына сіңіру, өзі шыққан ортаның қадір-қасиетін ерте біліп, тілін, өз халқына тән имандылық қасиетін, дәстүрін, әдеп-ғұрпын, салт-санасын мектеп қабырғасында қабылдауға мүмкіншілік береді.

Екінші ерекшелігі – дене шынықтыру мұғалімдеріне мектеп бағдарламасын шығармашылықпен жұмыс істеуді талап етеді. Ұлттық ойын, сондай-ақ, ойын атаулының бәрі де жас адамға үйлесе білуді, өздігінен ойлап шешім қабылдай алатын, қиын жағдайлардан жол тауып дұрыс шыға білетін, үнемі ойлау мен әрекетті әдет еткен, дене, ақыл-ойы бірдей қатар өркендейтін адамдарды әзірлеуге негізделген.

Үшінші ерекшелігі – бүгінгі қазақ мектептерінде ұлттық ойындарды дене шынықтыру пәнінде пайдалану, ұлттық дәстүрлерді жастардың санасына дене тәрбиесі арқылы сіңірумен бірге, халықтың ғасырлар бойы тірнектеп жинаған рухани байлығын бүгінгі заман талабына сай іске қосудың тиімді бір жолы және ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру мен олардың үндестігін сақтаудың тәсілі.

Төртінші ерекшелігі – Қазақ халқының ұлттық ойындары, қолданыс ауқымы жағынан диапазоны кең, әржақты болып келеді. Оған себеп болған, әсіресе, көшпелі тұрмысы мен шаруашылық, экономикалық ортасының әсері. Көшпелілер мәдениетінің көш басында тұрған халқымыз өзіндік ерекшелігі бар мәдени орта жасай білген.

Бесінші ерекшелігі – халық жасаған бай мұраның бір айырықша бөлігінің сыбағалы салмағы дене тәрбиесінің үлесіне тиеді. Ұлттық ойындардың шығу, жасалу тегінің өзі белгілі бір мақсат бірлестігін, тек көңіл көтеру, көз қуанышы ретінде қызметі ғана емес, адамға тән қасиеттерді тұтас алып дамытуға меңзейтінін көрсетеді. Ұлттық ойындар басқа жұрттағыдай тек дене шынықтыру құралы ғана емес, бүкіл адами болмыстың даму, қалыптасу негізін құрайтын өнер бастаудың да негізі екенін айтуға тиіспіз.

Алтыншы ерекшелігі – оқушылардың жиі қимылдауын, қолдарының жиі жұмыс істеу қабілетін арттыруға, жүйке жүйелерін жетілдіруге, ойлау жүйелерін дамытуды көздейтін ойындарды таңдайды, оларды өзге де пәнде пайдаланып, пән үндестігін бір-біріне ұштастыруды көздейді.

Жетінші ерекшелігі – ұлттық ойындардың, олардың басым көпшілігі ешбір затты қажет етпейтіндігі. Сондықтан оны қалаған жерде өткізе беруге болады. Күздің құрғақ, ашық күндерінде таза ауада өткізілсе, қыста мектептің спорт залында өтеді. «Қасқыр қақпан» ойынында дене қимылына жүру, тізені бұгу, қолды көтеру, мойынды, иықты қозғау секілді адамның денесінің шындалуына әсер ететін, қан тамырларының, жүрегінің соғысын жиілететін әсерлер, айла-амал қолдану, жеңіске деген ұмтылыс, бәсеке жарыс элементтері де кездеседі.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 31 б.
- 2 Жүнісов А. Фәниден бақиға дейін. – Алматы: Қайнар, 1994. – 48 б.
- 3 Құнанбаев Абай. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1948. – 402 б.
- 4 Игры и развлечения. – Алма-Ата, 1960. – С. 127–128.
- 5 Танекеев М.Т. От Байги до олимпиады. – Алма-Ата: Казахстан, 1983. – С. 208.
- 6 Доскараев Б.М. История физической культуры в Казахстане: учебное пособие. – Алматы, 2009. – С. 226.

- 7 Қазахи. – Алматы: Қазақстан, 1995. – С. 206.
- 8 Тотенаев Б.Т. Казахские национальные игры. – Алма-Ата: Қазақстан, 1976. – С. 144.
- 9 Сағындықов Е.А. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан, 2001. – С. 175.

References

- 1 Nazarbaev N.Ә. Tarih tolkynynda. – Almaty: Atamҧra, 2003. – 31 b.
- 2 Zhynisov A. Fәniden baқиға dejin. – Almaty: «Қайнар», 1994. – 48 b.
- 3 Abaj Құнанбаев. Shyғarmalaryнuң tolyқ zhinaғы. – Almaty, 1948. – 402 b.
- 4 Igy i razvlechenija. – Alma-Ata, 1960. – S. 127–128.
- 5 Tanekeev M.T. Ot Bajgi do olimpiady. Alma-Ata: Kazakhstan, 1983. С. – 208.
- 6 Doskaraev B.M. Istorija fizicheskoy kul'tury v Kazahstane: uchebnoe posobie. – Almaty, 2009. С. – 226.
- 7 Kazahi. – Almaty: Kazakhstan, 1995. – S. 206.
- 8 Totenaev B.T. Kazahskie nacional'nye igry. Alma-Ata: Kazakhstan, 1976. – С. 144.
- 9 Sagyndykov E.A. Қазақтuң ұлттық ойындары. Almaty: Rauan, 2001. – С. 175.